

# ДЖЕНЫ

№ 2 (972) 26 ақпан 2021 жыл

## Поздравляем!

Приказом председателя Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан №96 от 10 февраля 2021 года «О присуждении ученого звания» **Сергалиеву Нурлану Хабибуловичу** присуждено ученое звание Профессора по специальности 03.02.00- Экология.



Уважаемый  
Нурлан Хабибулович!

От всего сердца желаем Вам осуществления всех профессиональных замыслов, удачи и успехов во всех начинаниях, крепкого здоровья, семейного благополучия, неиссякаемого оптимизма и позитива! Искренне гордимся Вами!

С уважением,  
коллектив университета

Өңіріміздегі ең жас мектеп директоры «Болашақ» бағдарламасының түлегі - Жансұлтан Нұрмұханов. Ол қазіргі таңда Сырым ауданы, Қособа орта мектеп-балабақша кешенін басқарып отыр. Жансұлтан Нұрмұханов – бес тілді жетік меңгерген тарих пәнінің мұғалімі. Ұстаздық қызметке келуіне ата-анасының тікелей әсері болған. Жансұлтанның әкесі жоғары оқу орнында музыка пәнінен сабақ берсе, анасы география, химия, биология пәндерінің мұғалімі.

Кейіпкеріміз М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Польша еліндегі Быдгощ қаласының Халықаралық Туризм және Мәдениет институтымен жасалған екі жақты шарты арқасында екі жоғары оқу орнын тәмәмдаған. Жоғары оқу орнын бітірген соң, ел экономикасының басым секторлары үшін бәсекеге қабілетті кадрларды дайындайтын «Болашақ» бағдарламасымен Ұлыбритания мемлекетіндегі Манчестер университетінде мамандандырылған тілдік курстан өтіп, Уорик университетінде «Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық және менеджмент» мамандығы бойынша магистратурада



## ҮЗДІК ТҮЛЕК - УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШЫ

білім алған. «Қазіргі таңдағы ең үлкен жетістіктеріміздің бірі – «Болашақ» бағдарламасы аясында ҚР Президентінің халықаралық шәкірт ақысының иегері атануым» дейді Жансұлтан Нұрмұханов.

«Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов айтқандай, кейіпкеріміз оқу бітіргеннен кейін алған теориялық білімді тәжірибе жүзінде іске асыруды ауыл мектептерінен бастағанды жөн көрген. Қазіргі таңда, Қособа ауылында мектеп-балабақша кешенінде директор қызметін атқарып жүр. Оқу жылы басталғалы бері, мұғалімдердің

қажеттілігіне қарай ІТ құзыреттілік, ағылшын тілі, «Жас мұғалімдер мектебі», «Lesson study» сынды мектепішілік курстар мен жобалар ұйымдастырған. Сонымен қатар жоғары сынып оқушыларына тегін түрде IELTS курсын өткізуде. Білім алушылардың ҰБТ-ға дайындық механизмін де бір жүйеге келтірілген. Жансұлтан Қайыржанұлы еліміздің жарқын болашағы үшін еңбек ететінін жеткізді.

БҚО білім басқармасы  
баспасөз қызметі

### БЕРЕРІ МОЛ СЕМИНАР

3-бет

### О некоторых итогах научной деятельности ЗКУ им. М.Утемисова за 2020-ый год

4 стр.

### ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ЛИТЕРАТУРНОГО СЛОВА

7 стр.

### ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

13-бет



## ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК 100 ОҚУЛЫҒЫ ҚАЗАҚТІЛІНДЕ

8-9-бет



27 қаңтар күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ҚР тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Мәңгілік ел» идеясы негізінде «Кушаев оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференция ZOOM платформасында онлайн форматта болды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КУШАЕВ ОҚУЛАРЫ

Ғылыми конференция тәуелсіздік жылдарындағы Отан тарихы мен археология ғылымының дамуы, ғылымдағы соңғы жаңалықтарды танытып, насихаттап, қоғамдық сананы көтере отырып, ұлттық рухты жаңғыртып, ғылымның маңызын зерделеуді көздейді. Жиынға шет елдік археологтар, Алматы, Нұр-Сұлтан, Атырау, Қостанай, Ақтөбе, Орал қалаларынан тарихшы-археолог ғалымдар, жоғары оқу орны оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, докторанттар мен студенттер, БҚО тарихи-өлкетану музейі археология залының қызметкерлері, ЖОББМ тарихшы мұғалімдері, БАҚ өкілдері және т.б. қатысты.

Конференция модераторы, ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы Сдықов Мұрат Наурызғалиұлы Г.А.Кушаевтың өткен өмірі мен ғылым жолына кеңірек тоқталып, жиынның маңыздылығын айтып өтті. Одан әрі жиында тарихшылар маңызы жоғары тарихи археологиялық ескерткіштер мен орындарды зерттеу нәтижесін талқылады. Ғалымдар зерттеу мәселелері мен жұмыстарын ортаға салып, құнды баяндама жасады:

- М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы Сдықов Мұрат Наурызғалиұлы «ВКЛАД Г.А. КУШАЕВА В РАЗВИТИЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА»;

- М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми қызметкері, археолог Клышев Ерлан Ерсанович «АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПОГРЕБАЛЬНОГО КОМПЛЕКСА АКШУКУР 1 ТУПКАРАГАНСКОГО РАЙОНА МАНГИСТАУСКОЙ



МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ  
«КУШАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ОБЛАСТИ»;

- Нұр-Сұлтан қаласындағы Ө.Марғұлан атындағы археология институты филиалының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, археолог Мамиров Талғат Базарбаевич «ПОИСК ПАМЯТНИКОВ КАМЕННОГО ВЕКА В РЫН-ПЕСКАХ В 2020 ГОДУ»;

- ЖШС «Археологиялық сараптама» орталығының ғылыми қызметкері Марыксин Денис Валерьевич «ПАМЯТНИКИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В ИССЛЕДОВАНИЯХ Г.А.КУШАЕВА»;

- Неаполи университетінің оқытушысы (Италия), Phd

доктор, археолог Анна Мария Феделе «ЕВРОПАДАҒЫ КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ/ ARCHAEOLOGICAL SITES OF NOMADS IN EUROPE»;

- Батыс Қазақстан облыстық өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері Лукпанова Яна Амангельдиевна «ИТОГИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ ПОЛЕВОГО СЕЗОНА 2020 ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ»;

- Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің жалпы тарихын, археологиясын және этнографиясын қамтамасыз ету жөніндегі Батыс Қазақстан өлкетану мұражайы ғылыми-зерттеу бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, тарих магистрі Уразмағамбетов Нуршат Нуркатович «ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ РАЗВЕДОЧНЫХ РАБОТ НА ТЕРРИТОРИИ ШАЛКАРСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 2020 Г.»;

- Орал қаласының №21 жалпы орта білім беретін мектебі, тарих пәнінің мұғалімі Сарсенғалиев Фархат Самиголлович «МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ И ВОЗРОЖДЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ С ПОМОЩЬЮ САКРАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ»;

- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты Байғалиев Жүніс «С.П.ТОЛСТОВТЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ».

Осылайша баяндамалар тыңдалып, «Кушаев оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өз мәресіне жетті. Жиын барысында өңірдегі және Батыс Қазақстан бойынша зерттелген археологиялық орындарға жан-жақты талдау жүргізіліп, ғылыми тұжырымдамалар айтылды. Соңында қатысушы қонақтар мен тарихшылар, оқытушылар мен студенттер конференцияның ғылыми, тағылымдық маңызы ерекше екендігін атап, өз көзқарастары мен ұсыныс-пікірлерін айтты. Ұйымдастырушылар жиынға қатысушылар мен қонақтарға, ғалымдарға өз ризашылығын білдірді.

Шұғыла ЕҢСЕП,

Филология факультетінің 2-курс студенті.

## Салық Зиманов - патриот, азамат, ғалым

Тарих, экономика және құқық факультеті құқықтық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Ғылым академиясының академигі, еңбек сіңірген ғалым, профессор, заң ғылымдарының докторы Салық Зиманұлы Зимановтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ қоғамындағы заңгерлердің қалыптасу мектебі» атты дөңгелек үстел оздырылды.

Тәуелсіз Қазақстанда батыстық өркениеттің жемісі болып табылатын құқықтық мемлекетті қалыптастыру қажеттілігі бүгінде өзекті болып отыр. Осы жолда біз еркін демократиялық қоғамды дамытудың жедел бағытын жария еттік.

Ұлттың ұлы идеясын ұстанып отырған мемлекетіміздің өмірінде, құқықтық мемлекетті құру жолында саяси реформалар ерекше орын алады. Құқықтық мемлекеттің нақты тарихи қалыптасу тәжірибесі мен дамуы әлеуметтік-экономикалық және саяси деңгейімен, қоғамдық құқықты сезіне алушылығымен, ұлттық және тарихи салт – дәстүрлермен анықталады. Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-иамандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық құндылықтарымен сусындаған Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов, Р.Мәрсекөв, Ж.Досмұхамедов, С.Зиманов, С.Сартаев сынды тұлғалар қазақ қоғамындағы заңгерлер мектебінің қалыптасуына негіз болды. Қазақ зиялыларының өмірі мен ісін мұқият зерттеп, олардың жетістіктерін бағалап, даналығын бағамдап және олар ашқан ақиқатты пайымдау мақсатында ұйымдастырылған дөңгелек үстелде төмендегідей баяндамалар оқылды:

1. А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты Смагулова Асыл Смагуловна «Қазақ қоғамындағы құқықтық көзқарастың қалыптасуының негізін қалаушылар»;

2. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Шаяхметова Жанна Бекболовна «Қайыржанов Елеген Ізтелеуұлы-Қазақстан криминологтарының негізін салушы»;

3. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Чингаева Бакыт Кенесаровна «Роль юриста в обществе»;

4. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Идресова Үздік Хамитқызы «Қазақ заңгерлер легінің көшбасшысы - Бақытжан Қаратаев»;

5. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна «Қазақтың тұңғыш заңгері-Алаш ардақтысы Райымжан Мәрсекөв»;

6. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Байбулсинова Альфия Сабырғалиевна «Тұңғыш қазақ прокуроры-Сәлімгерей Нұралыханов»;

7. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты Досанов Мұрат Ускенбаевич «Қазақ қоғамында заңгерлерді қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың маңызы»;

8. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты Назаркулова Лаззат Талғатовна «Роль академика Сартаева С.С. в становлении независимости Казахстана»;

9. Тарих ғылымдарының кандидаты, прокурор Мажитов Равиль Сағадатович «Ұлтының ардақты ұлы-Жаһанша Досмұхамедов».

\*\*\*

Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша 1-3-курс студенттері арасында «Қазақстандағы заң ғылымының көш бастаушысы» атты онлайн форматта студенттік ғылыми конференция ұйымдастырылды.

Конференцияның негізгі мақсаты - «Ғылым сардары» атанған, қазақ ғылымын биік белеске көтерген ғалымның негізгі еңбектеріне тоқталу. Конференцияға 1-3-курс арасынан 40 студент қатысты. Негізгі баяндамаларды 5 баяндамашы жасады.

Олар:

1. «Ұлы дала-ұлы тұлға» Н.Галимова – Юр-11 тобының студенті;

2. «Мемлекеттіліктің дамуына үлес қосқан - С.Зиманов» Г.Ниятиллаева – Юр-11 тобының студенті;


3. «С.Зимановтың ғылыми еңбек жолы», Т.С.Серикова - Юр-23 тобының студенті;

4. «С.Зиманов-Конституцияның негізін салушы» А.С.Турбаева – Юр-31 тобының студенті;

5. «С.Зиманов - мемлекет және қоғам қайраткері» Д.Дүйсекова - Юр-39 тобының студенті.

\*\*\*

Құқықтық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен құқықтану мандығының 1-2-курс студенттері



Салық Зиманұлы Зиманов

- Қоғам және мемлекеттік ірі қайраткер тұлға;
- заңгер ғалым, Заң ғылымының докторы, профессор;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі;
- Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері (1971);
- ҚР тұңғыш президентінің мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері (2001).

арасында «Салық Зиманов - патриот, азамат, ғалым» атты эссе байқауы оздырылды. Байқаудың негізгі мақсаты - ғалымның өмірі мен қызметі жайлы, қатардағы жауынгерден гвардия майорына дейінгі өсу жолы, академиктің депутат, заң шығару органдарындағы түрлі комитеттердің төрағасы және тәуелсіз еліміздің идеологы ретіндегі қызметін баяндау арқылы Салық Зимановтың елінің жанашыр азаматы, патриоты және еңбектері жоғары бағаланған ғалым екендігін дәріптеу.

Байқауға құқықтану білім беру бағдарламасының 1-2-курс студенттері қатысып, өз жұмыстарын қазылар алқасының төрағалығына ұсынды. Эссе жұмыстарына қойылған талаптар мен бағалау критерийлеріне сай келген жұмыстар қазылар алқасының тарапынан қолдау тауып, жоғары бағаланды. Байқауға түскен әр жұмысты саралай отырып, студенттердің ой-өрісінің кеңдігін, сөз саптау ерекшеліктерінің жоғары екендігін қазылар алқасының шешімімен:

I орын - «С.Зиманов - Қазақстанда заң ғылымдарының негізін қалаушы» А.Закина – юр-21 тобының студенті;

II орын - «С.Зиманов - құқықтық ғылымның патриархы», А.Саламатова – юр-21 тобының студенті;

III орын - «Қазақ елінің заңнамасына заңгері», Б.Сайлаубайқызы - юр-11 тобының студенті;

«Есімі ел есінде қалған тұлға» Г.Сариева - юр -13 тобының студенті иеленді.

А.Ж.КУСПАНОВА,

Құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы



# Берері мол семинар

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Дене шынықтыру сабақтарында ойындарды оқыту әдістемесі» тақырыбында халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

Семинарды педагогика факультетінің дене тәрбиесі кафедрасы ұйымдастырды және аралас форматта өткізілді. Семинар жұмысына РФ және ҚР 4 ЖОО-ның 37 өкілі, сондай-ақ Орал қаласының мектеп мұғалімдері қатысты. Халықаралық ғылыми-әдістемелік семинардың отырысын дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Л.В.Демченко ашып, қатысушыларды семинардың бағдарламасымен, ZOOM платформасын пайдаланып қосылған қонақтарды таныстырды. Ресей Федерациясы атынан п.ғ.д., Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің профессоры Собянин Ф.И., сонымен қатар Армавир мемлекеттік педагогикалық университетінің, Краснодар өлкесінің аспиранттары Ивлева А.Н., Бойцова М.В., п.ғ.к., Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті Агеев С.Л., Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің ФМБОУ аға оқытушысы Лебедев А.Д., Ресей Денсаулық сақтау министрлігінің ОрГМУ волейболдан әйелдер құрамасының, дене шынықтыру кафедрасының жаттықтырушысы Козлов М. Ю қатысты.

Алғашқы құттықтау сөзінде М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің деканы, п.ғ.к. Г.А.Ерғалиева дене шынықтыру және спорт саласында тәжірибе алмасу, ғылым жетістіктері мен озық технологияларды зерделеу, талдау және пайдалану, шығармашылық байланыстарды одан әрі дамытып, үздіксіз өздігінен білім алу кәсіби өзін-өзі жетілдіру міндеттерін шешуге ықпал ететінін атап өтті. Келесі сөз кезегі Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің профессоры п.ғ.д. Ф.И.Собянинге берілді. Ф.И.Собянин оқушылардың дене даярлығын арттырудың, соның ішінде дене шынықтыру-сауықтыру технологияларымен таныстырды. Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің ФМБОУ доценті С.Л.Агеев аудиторияны баскетбол ойынының техникалық элементтерін оқыту әдістемесінде дәстүрлі, дәстүрлі емес жабдықтарды қолдануға, Ресей ОрГМУ Денсаулық сақтау министрлігі волейболдан әйелдер құрамасының дене шынықтыру кафедрасының жаттықтырушысы М.Ю.Козлов жоғары оқу орындары студенттерінің физикалық қасиеттерін дамыту құралы ретінде волейбол ойынына назар аударды. П.ғ.к. Т.И.Клименко Орынбор мемлекеттік педагогикалық



университетінің ФМБОУ аға оқытушысы А.Д.Лебедев дене шынықтыру сабақтарындағы қозғалмалы ойындар тақырыбын қызықты қырынан ашты. Жоғары санатты дене шынықтыру мұғалімі, Орал қаласының №26 жалпы орта білім беру мектебінің педагог-зерттеушісі Е.А.Авдееваның баяндамасы пікірлер мен сұрақтардың дәлелді пікірталасына ұласты. Көркем гимнастикадан КСРО спорт шебері Л.И.Федорченко аудиторияны біздің дене шынықтыру сабақтарында қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастыру және өткізу әдістемесіне қызықтырды. Ал Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы Л.В.Демченко дене шынықтыру сабақтарында түрлі ойындардың қолданылуына мониторинг жүргізді. Соның ішінде жаңа ойын түрі «Яджент» жайында айтып, семинарға қатысушылардың ерекше қызығушылығын арттырды.

Семинарда тиісті мәселелерді талқылауда өз ойларын айтып, тақырыпты одан әрі жандандырып, әр мәселені тиімді жағынан шешуге мүмкіндік берілді.

Халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар жұмысын қорытындылау кезінде РФ ЖОО-мен біріге отырып «Яджент» жаңа спорттық ойынын бірлесіп игеру және одан әрі жемісті ынтымақтастықты дамыту туралы шешім қабылданды.

Семинардың әрбір қатысушысына халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар жұмысына белсенді қатысқандары үшін арнайы сертификат берілді. Семинарға қатысушылар ұйымдастырушылар мен университет басшылығына зор алғыстарын білдірді.

С 18 января 2021 года в ЗКУ им. Утемисова проходит 2-ая фаза курсов повышения квалификации учителей иностранного языка «Методика преподавания английского языка и разработка содержания онлайн-занятий». На курсах задействованы 20 преподавателей кафедры иностранных языков.

## Повышение квалификации учителей

Цель занятий во 2-ой фазе - помощь в разработке слайбов по методике преподавания английского языка и по практическому английскому языку. Занятия проводятся опытным методистом из США д-ром Грэмом Дерри. В конце курса предполагается создание новых слайбов дисциплин, которые будут применяться для обучения на кафедре иностранных языков в следующем учебном году.

## Стипендии вуза – лучшим!

В онлайн режиме состоялось заседание стипендиальной комиссии ЗКУ им.М.Утемисова по присуждению именных стипендий университета.


В целях стимулирования творческой активности студентов в результате коллегиального обсуждения утверждены 19 кандидатур студентов на именные стипендии: им. М.Утемисова, А.С.Пушкина, А.Д.Тайманова, М.М.Тлеужанова, В.В.Иванова, Г.А.Кушаева.

Будущие обладатели именных стипендий рекомендованы Советами факультетов на конкурсной основе по балльной оценке.

Именные стипендии университета являются одним из механизмов реализации комплекса мер поддержки обучающихся.

## Поиски решений актуальных вопросов современности

5 февраля 2021 года через Zoom состоялось совещание с представителями международного консорциума «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б. В.» по обсуждению проделанной работы и планов на 2021 г., по проводимым ЗКУ им.М.Утемисова исследовательским работам. Были рассмотрены вопросы научных исследований по переработке отходов производства в рамках продвижения «Концепции Зеленой экономики», а также выработаны рекомендации по современным подходам и решениям в сфере утилизации отходов.



Как уменьшить вредное воздействие отходов карбонатного бурового шлама на углеводородных месторождениях на окружающую среду, как можно использовать их с пользой для дела, для экономики – эти актуальные вопросы в течение нескольких лет находятся в центре внимания испытательной лаборатории экологии и биогеохимии естественно-географического факультета ЗКУ им.М.Утемисова, возглавляемой доцентом кафедры химии, кандидатом химических наук З.Х.Кунашевой.

## Развитие правового сознания и правовой культуры

Как уполномоченный по этике и противодействию коррупции ЗКУ им.М.Утемисова 10 февраля 2021 года принимал участие в работе онлайн-конференции «Вопросы профилактики коррупционных правонарушений в сфере образования», на котором выступил с докладом «Выполнение комплексного плана по противодействию коррупции на 2020/2021 годы в Западно-Казахстанском университете имени М.Утемисова».

Конференция была организована Департаментом Агентства РК по противодействию коррупции по ЗКО.

Процесс развития правового сознания и правовой культуры участников образовательного процесса в вузе является одним из важных аспектов в реализации принципов академической честности.

Для реализации мероприятий в университете функционирует институт «Рухани жаңғыру», одним из направлений которого является обеспечение точечной работы созданного при нем проектного офиса «Саналы ұрпақ». В университете действуют коллегиальные органы: Совет по добропорядочности, Совет по этике, Комиссия по противодействию коррупции, Бюджетная комиссия, утвержден Антикоррупционный стандарт по обеспечению открытости и прозрачности в ЗКУ им. М.Утемисова. Приоритетной задачей является разработка и внедрение в нашем Университете системы менеджмента по противодействию коррупции в соответствии с требованиями международного стандарта ИСО 37001-2016.

Кажмурат АХМЕДЕНОВ,  
Проректор по научной работе и международным связям

## ОСТОРОЖНО: растет кибермошенничество!

Практическое занятие по теме «Мошенничество в сфере информационных технологий» организовано преподавателем ЗКУ им.М.Утемисова Казиевым Тайманом Исмагуловичем для студентов 3 курса по специальности «Юриспруденция» с участием следователя следственного управления Департамента полиции Западно-Казахстанской области, старшего лейтенанта полиции Избасарова Дармена Куатовича.

Цель практического занятия - ознакомление студентов с понятием мошенничества в сфере информационных технологий, с его различными видами, статистикой, а также средствами, которые позволяют обезопасить себя от данного вида уголовного правонарушения.

Мероприятие обусловлено усилением роста кибермошенничества, начиная с 2020 года.

В ходе встречи Д.К.Избасаров подробно раскрыл особенности основных видов мошенничества в сфере информационных технологий, а также уделил внимание составу данного вида правонарушения, поскольку эти знания в последующем позволят представить основания для уголовной ответственности.

Один из самых значительных барьеров на пути мошенничества в сфере информационных технологий - осведомленность и бдительность. В связи с чем были даны общие рекомендации.

Студенты с большим вниманием слушали интересную и актуальную информацию и задавали следователю вопросы.



# О некоторых итогах научной деятельности ЗКУ им. М.Утемисова за 2020-ый год

(по материалам отчета проректора по науке и международным связям, профессора Ахмеденова К.М.)

## Подготовка научно-педагогических кадров

ЗКУ им. М. Утемисова является обладателем 27 лицензий магистратуры. В 2020-2021 учебном году на 01.01.2021 г. обучалось – 341 магистрантов, из них 204 – на основе государственного заказа, 137 – на платной основе.

В 2020 всего в докторантуре Казахстана и аспирантуре России обучались 59 сотрудников ЗКУ им. М.Утемисова.

## Научные проекты

В 2020 г. были продолжены НИР в рамках реализации грантовых проектов - финансируемые по линии Комитета науки МОН РК:

**Н.Х. Сергалиев**, к.б.н., профессор (Оценка состояния гидробионтов и микробиома водоемов Западного Казахстана и прогноз их изменений);

**Результаты грантового финансирования Комитета науки МОН РК**

Год	всего по поданным заявкам	число по одобренным заявкам	на рассмотрении
ГВ 2012-2014	12	3	0
ГВ 2015-2017	9	2	0
ГВ 2018-2020	20	5	0
ГВ 2021-2022	17	2	0
ГВ 2020-2022	21	3	4

**«Оценка состояния гидробионтов и микробиома водоемов Западного Казахстана и прогноз их изменения»** по приоритетному направлению «Научные исследования в области естественных наук» на общую сумму 56,5 млн. тенге. Научный руководитель к.б.н., ассоциированный профессор Сергалиев Н.Х.

**«Поэтика современной казахской литературы: традиции и новаторство (на основе творчества писателей-поэтов Западно-Казахстанского региона)»** по приоритетному направлению «Научные основы «Мәңгілік ел» на общую сумму 31,5 млн. тенге. Научный руководитель к.ф.н., ассоциированный профессор Мутиев З.Ж.

**«Синергетика самоорганизации казахизированных лексических инноваций в ментальном лексиконе: методологическая платформа междисциплинарного моделирования»** по приоритетному направлению «Научные основы «Мәңгілік ел» на общую сумму 38,7 млн. тенге. Научный руководитель PhD, Алдашева К.С.

**З.Ж. Мутиев**, к.филол.н., доцент (Литературное краеведение: духовное возрождение - «Творческое наследие писателей Приуралья ХХ – начала ХХI века» и «Поэтика современной казахской литературы: традиции и новаторство (на основе творчества писателей-поэтов Западно-Казахстанского региона);

**К.С. Алдашева**, доктор философии (PhD) («Кодификация неологизмов в современном казахском языке: когнитивные и лингводидактические аспекты» и «Синергетика самоорганизации казахизированных лексических инноваций в ментальном лексиконе: методологическая платформа междисциплинарного моделирования»);

## - профинансированные из областного бюджета:

**Т.Т. Шайхиев**, доцент («Мониторинг общественно-политической ситуации в Западно-Казахстанской области» и «Выявление общественного мнения о коррупционных проявлениях в Западно-Казахстанской области».



**К.М. Ахмеденов**, к.г.н., профессор (Подготовка интерактивной карты (электронной карты) о памятниках истории и культуры сакральных мест Атырауской области).

## - профинансированные за счет хозяйствующих субъектов:

**З.Х. Кунашева**, к.х.н., доцент; **А.Р. Рустенов**, д.с-х.н., профессор; **Т.Е. Дарбаева**, д.б.н., профессор; **А.С. Байбулсинова**, к.и.н., доцент; **И.Султанязова**, д. филологии (PhD); **А.А. Ниязгалиева**, к.ф.н., доцент; **Ш.Т. Габдрахманова**, к.п.н.; **Н.М. Антонова**, к.э.н., доцент; **В.У. Чудрова**, доцент.

**Международные исследования ученых по почвенным клещам. Открытие двух новых видов клещей: *Cosmochthonius oralensis* sp. nov. и *Zercon utemisovi* sp. n.**

**Открытие для мировой науки: новые виды почвенных клещей, найденные в Западно-Казахстанской области**

В рамках научного сотрудничества между университетами Казань (Россия) и Кызылорда (Казахстан) в 2019 году на территории ЗКУ им. М. Утемисова были открыты два новых вида почвенных клещей, до сих пор неизвестных мировой науке.

Впервые, совместно с российскими коллегами из Казанского федерального университета (СФУ) и Казанского государственного университета (КГУ) им. М. Утемисова, профессор Биология Славенко Кириллов и аспиранты университета в Кызылорде обнаружили и описали два новых вида почвенных клещей, до сих пор неизвестных мировой науке. Данные виды относятся к роду *Cosmochthonius* и являются новыми для Казахстана. Эти виды были описаны профессором Славенко Кирилловым и аспирантом университета Кызылорда Мухомбетовым. Данные виды относятся к роду *Cosmochthonius* и являются новыми для Казахстана. Эти виды были описаны профессором Славенко Кирилловым и аспирантом университета Кызылорда Мухомбетовым.

Профессор Биология Славенко Кириллов является членом редакционной коллегии журнала «Аннотированный список видов животных Казахстана» и членом редакционной коллегии журнала «Аннотированный список видов растений Казахстана».

Биологический факультет курирует работу кафедры зоологии факультета биологии университета Кызылорда в городе Кызылорда, Голландия. Студенты факультета участвуют в научных исследованиях в области почвенных клещей, которые проводятся совместно с российскими коллегами из Казанского федерального университета (СФУ) и Казанского государственного университета (КГУ) им. М. Утемисова. Данные виды относятся к роду *Cosmochthonius* и являются новыми для Казахстана. Эти виды были описаны профессором Славенко Кирилловым и аспирантом университета Кызылорда Мухомбетовым.

ППС ЗКУ им. М.Утемисова в 2020 г. было опубликовано 448 научных статей: факультет истории, экономики и права (156 статей), естественно-географический факультет (102 статьи), филологический факультет (69 статей), педагогический факультет (69 статей), физико-математический факультет (27 статей), факультет культуры и искусства (25 статей).

Ранжирование факультетов по количеству опубликованных статей в зарубежных журналах и сборниках следующее: филологический факультет (110 статей); факультет истории, экономики и права (91 статья); педагогический факультет (35 статей); естественно-географический факультет (34 статьи); факультет культуры и искусства (29 статей); физико-математический факультет (12 статей).

**В 2020 г. учеными университета в рейтинговых журналах мира было опубликовано 23 статьи: факультет истории, экономики и права - 9 статей; естественно-географический факультет – 6; физико-математический – 3.**

Количество опубликованных и изданных ППС факультетов ЗКУ им. М.Утемисова монографий, учебных, учебно-методических пособий и электронных учебников.

№	Факультет	Количество опубликованных монографий
1	Естественно-географический	1
2	Педагогический	26
3	Филологический	8
4	Истории, экономики и права	44
5	Физико-математический	8
6	Культуры и искусства	12
	Всего по университету	99

## Наиболее значимые результаты работ:

1. Университет переаккредитован в качестве субъекта научной и научно-технической деятельности в Комитете науки.
2. В университете увеличилось количество и улучшилось качество публикаций в базах Web of Science и Scopus. Если в 2017 г. было 12 статей, то в 2020 г. – 23 статьи. Из 23 статей в 2020 г. - 13 были опубликованы в журналах с процентилем выше 50.
3. Увеличилось количество ученых с индексом Хирша (h-индекс): в 2020 г. составила 28 человек - в различных предметных областях: педагогика, биология, география, физика, математика, экономика, филология, литература и др.
4. Увеличилось количество заявок на конкурсы МОН РК по грантовому финансированию научных проектов: в 2020 г. подано 22, из которых финансируются 3 и на рассмотрении находятся - 4.
5. Осуществляется международная коллаборация ученых. Совместно с зарубежными учеными проводились НИР, по результатам которых были опубликованы статьи на английском языке в ведущих научных журналах, входящих в базы Web of Science и Scopus. Ведется подготовка с зарубежными учеными заявок на конкурсы грантов Комитета науки (по изучению почвенных клещей совместно с польским ученым С.Качмарек; по археологии совместно с итальянским ученым Жан-Лука Бонорой; по альфарабиеведению совместно с немецким ученым Мартином Арндтом и др.).
6. 116 ученых и сотрудников университета прошли уровневое обучение английскому языку и получили сертификаты: Elementary (A2), Intermediate (B1), Upper-intermediate (B2).



Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, жалпы халықтық оқуға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітаптың» тізімі ұсынылып отыр. Аталмыш жоба қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған. Осы орайда М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Ғылыми кітапхана және Филология факультетінің ұйымдастыруымен «Бір ел – бір кітап» акция аясында ақын, журналист, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының және «Ғасыр ақыны» атағының иегері Мұқағали Мақатаевтың «Өмірдастан» шығармасын оқу таңдап алынды және ақынның туғанына 90 жыл (1931 - 1976 жж.) толуына орай «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты әдеби – сазды кеш өтті.

## Мен өмірді ЖЫРЛАУ үшін келгенмін

Шараның ашылуында философия докторы (PhD), аға оқытушы Айдарбек Ахметұлы студенттерге ақынның шығармашылығын насихаттай отырып келешек ұрпаққа берер мол мұрасын атап өтті. Педагогика, Кітапханатану, Филология, Құқықтану, Өнер және Дизайн

мамандығының 1-курс студенттері ақын Мұқағали Мақатаевтың поэзиясын нақышына келтіре оқып, ақын әндері шырқалды. Шарада «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты ақын шығармасын кеңінен оқырмандарға




насихаттау. Кітап көрмесінде ақынның еңбектері, өлеңдері, ақын туралы жазылған кітаптар мен мерзімді басылым беттеріндегі жарияланған мақалалар тізбегі орын алды.

Ақын поэзиясын басқа бірде – бір ақынның туындыларымен шатастыру мүмкін емес. Оның поэзиясы – тың

ізденістің, жоғары мәдениеттің, көңігі шебердің поэзиясы. Жылдар тізіліп өткен сайын Мұқағали ақынның бейнесі тұлғалана, биіктей түседі. «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали жырлары жылдан - жылға, ғасырдан - ғасырға жалғаса бермек!

## Мұқағали - мәңгілік ақын

11 ақпан күні ҚТОМҚТӘ-15 және ҚТӘ-41 топтарының ұйымдастыруымен «Мұқағали-мәңгілік ақын» атты әдеби кеш өтті.



Кеш Мұқағали ақынның өз даусымен жазылған «Пай, пай, өмір!» өлеңімен ашылды. Студенттер ақынның өлеңдерін жатқа оқып, өмірбаянынан естеліктер оқыды. ҚТӘ-41 тобы педагогикалық сараманда болғандықтан, мектеп оқушыларымен бірге қатысты. Орал қалалық №10 мектептің оқушылары «Менің анкетам» өлеңіне көрініс дайындаса, Атырау облысы Құрманғазы ауданы мектебінің оқушысы «Фарида қыз» өлеңін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқып берді. Сонымен қатар, орыс тобында оқитын өзге ұлт өкілдері Яковлева Анастасия (Рялш-12), Липнау Кристина (Мо-12) да ақын өлеңдерін сүйіп оқитынын көрсетті. Кеш тізгінін қолына алған Исаева Толғанай (ҚТӘ-41) мен Азербайев Темірхан (Рялш-12) Мұқағали атамның өлеңдерінен үзінділерді жатқа оқи отырып, кешті тамаша жүргізді. Кеш соңында тәрбие бөлімінің жетекшісі Жанбота Ешимова сөз сөйлеп, ақын өлеңдерін насихаттауға арналған мұндай кештердің тәрбиелік маңызы зор екенін айтып, қатысушыларға алғыс айтты.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің мәдениет және өнер факультеті режиссура мамандығының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Жыр жүйрігі - Мұқағали Мақатаев» атты ашық кураторлық сағат өтті. Кураторлық сағаттың мақсаты - ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың поэзиясының халыққа кең таралуының мәні және оның өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, шығармашылығының музыкасымен үндесу ерекшелігін, ақынның сөзіне жазылған әндерді көпшілік назарына ұсыну.

## Жыр жүйрігі - Мұқағали Мақатаев

«Қазақ жырының қара бурасы» атанған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы деректер келтіріп, шара басында топ кураторы Исакова Индира Идиятовна сөз сөйледі.

Қазіргі таңда эстрадада ақынның өлеңдеріне жазылған әндер халықтың жүрегін жаулап алған. Мұқағали атамның сөзіне жазылған «Боз орамал», «Бақыт» атты әндерін



студенттер әуелете шырқады. Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері мен әндері студенттерді туған жерді, Отанды сүйе, ақын жырларынан үлгі алуға, адамгершілік пен мейірімділік қасиеттерін өз бойларына сіңіре білуге тәрбиелейді. Шара барысында ақын өмірінен шағын көрініс көрсетіліп, «Өкінбеймін», «Шеше, сен бақыттысың», «Пай, Пай, Өмір!» және тағы да басқа өлеңдерінен үзінді оқылды.

Жыл керуені алға жылжыған сайын М.Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Мұқағали-мәңгілік өмір! Ақын мұрасы, маржан поэзиясы-мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін мұрасы, ақын көкірегінен буырқана ағылған жыр жанартаулары өлеңқұмар халыққа таусылмайтын сый, мол қазына болып қала бермек. Ақынның сөзі өлмесе, өзі де өлмегені.

**Б.Қ.РАҚЫМҒАЛИЕВА,**  
Кітапхана ісі мамандығының  
3-курс студенті

М.Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай 18 ақпан күні М.Өтемісов атындағы БҚУ Жаратылыстану-география факультетінің Биология-21 топ студенттерінің ұйымдастыруымен «Мұқағали-мәңгілік жыр» атты кеш өткізілді.

## Мұқағали - мәңгілік жыр

Кешімізді топ кураторы, деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кажымуратова Жаннат Санкибаевна Сайлаубай Тойлыбаевтың «Мұқағали 90-да!» деген өлеңімен бастап берді. Кеш барысында ақын жайында слайдтар мен бейнероликтер көрсетіліп, Ғатау Айсана, Мақсотова Данара секілді студенттер ақынның өмір жолына шолу жасаса, Иматова Әйгерім «Арыз жазып кетейін», «Досыма хат», Қатымғали Қайсар «Әке», Талапова Ляззат «Ақ кимешек көрінсе», «Поэзия» туралы, Бисенғалиева Әйгерім «Ана, сен бақыттысың», Шүкірбай Айнұр «Майгүлге», Физзат Арайлым «Ғашықпын», Асқарова Альбина «Үш бақытым» атты өлеңдерін жатқа айтты. Сонымен қатар, кеште ақынның өз дауысымен айтылған өлеңдерін тыңдасақ, Иматова Әйгерім ақынның «Сенің көзің» атты әсем әнін шырқап берді. Туған жеріне, өз Отанына арнаған өлеңдерін жатқа айтқан кезде біздің бойымызды патриоттық сезім билеп алғандай болды. «Міне, ақынның құдіреттілігі осында екен ғой» деп ойладық. Мұқағали атамның әсерлі жырлары әр қазақтың жүрегін жаулап алды. Кеш барысында Мұқағали атамның өмірінің соңғы күндерінде жазып қалдырған «Есіңе мені алғайсың» әнін Елена Әбдіхалықова мен Жұбаныш Жексенұлының орындауында тыңдадық.

Кеш соңында кеш қонақтары биология-экология кафедрасының доценті Алма Уахитовна Утабаева, педагогика және психология кафедрасының магистрі Ләззат Мұтиғоллақызы Маденова сөз сөйлеп, өлең оқыса, атаулы шәкіртақы иегерлері Пазылова Гүлайым, Өтелгенова Жұлдыз, Шахметова Айгерім ақиық ақынның өлеңдерін оқып, кеш туралы өз ойларымен бөлісті.

**Ә.БИСЕНҒАЛИЕВА,**  
«Биология-21» тобының студенті



## Қасиет тұнған ұлы ұғым

28 қаңтар күні Педагогика факультеті, мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының топ кураторлары Б.Е.Ерболат, Ж.Ж.Нәбиева ПИМНО-21, ДОВ-21 топтарына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын талдау мақсатында пікір алмасу жүргізді.

Президент Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мақаласында еліміздің үш онжылдықтағы қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін атап өтіп, болашаққа міндеттерді айқындады. Мақалада еліміздің өткені, қазіргісі мен болашағы жайлы кең айтылған. Алдымен, топқа ақ білекті күшімен, ақ найзаның ұшымен жеткен тәуелсіздігіміз жайлы бейнеролик көрсетілді. Мақаланы Президентіміз «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» атты бөлімге қарастырған болатын. Мақала бөлімдерін талдауда А.Төлепова, К.Сартай, И.Нағымова, Ж.Жұмабаева, Б.Оразбаева, т.б студенттеріміз ой-пікірлерін білдірді. Бізге Президентіміздің бұл мақаласы жаңа серпін мен жаңа белестерді бағындыруға жігер қосты. Демек, біздің еліміздегі бейбітшілік пен достықты сақтау - бұл мемлекеттік құрылымдардың ғана емес, бүкіл қоғамның парызы және бұл әрқайсысымыз үшін өте маңызды деп есептейміз.

**Ж.Ж.НӘБИЕВА, Б.Е.ЕРБОЛАТ,**  
Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушы-магистрлері


4 ақпан күні Информатика кафедрасының топ кураторы Б.С.Насырованың ұйымдастыруымен ИС-11, ИС-12, ИС/У-13, ВТИПО-11, ВТИПО-11-1, И-11 топтарына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын талдау мақсатында пікір алмасу тәрбие сағаты онлайн және офлайн формата өткізілді.

## Жаңа белеске жетелейді

Президент Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мақаласында еліміздің үш онжылдықтағы қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін атап өтіп, болашаққа міндеттерді айқындады. Мақалада еліміздің өткені, қазіргісі мен болашағы жайлы кең айтылған. Алдымен, тәуелсіздігіміз жайлы слайд көрсетілді. Мақаланы Президентіміз төрт бөлімге: «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» бөліп қарастырған болатын. Мақала бөлімдерін талдауда Түгелбай Нұрзада, Қобланова Амина, Укасов Ахат, Утепбергенова Гулжауар, Қайырлы Нұржан студенттеріміз ой-пікірлерін білдірді. Бізге Президентіміздің бұл мақаласы жаңа серпін мен жаңа белестерді бағындыруға жігер қосты. Демек, біздің еліміздегі бейбітшілік пен достықты сақтау - бұл мемлекеттік құрылымдардың ғана емес, бүкіл қоғамның парызы және бұл әрқайсысымыз үшін өте маңызды деп есептейміз.

## Ең басты құндылық

Физика-математика факультетінде Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың қаңтар айының басында жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы талқыланды.



Конференцияда «Тәуелсіздік құндылықтарының тағылымы» атты баяндамасымен «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы сөз алып, студенттерге Тәуелсіздік пен патриот ұғымдарын түсіндіре кетті.

Келесі сөз кезегі философия ғылымдарының кандидаты, доцент Науанова Құрманай Мәдиевнаға беріліп, студенттерге мақаланың мазмұны мен мәні түсіндірілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен қатар жарық көрген мақаланың негізгі мәні студенттердің түпсанасына жетіп, ойларымен бөлісіп, сұрақтарына жауап алды.

## Мәңгілік елдің тұңғыры

28 қаңтар күні педагогика факультетінің ұйымдастыруымен студенттерге Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын мақаласын талдау мақсатында онлайн дәріс өткізілді. Шараны педагогика факультеті деканының орынбасары Тапаева Жанерке Таулбаевна жүргізіп, «Рухани Жаңғыру» институтының директоры Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы кіріспе сөз айтып, жастарды жалынды сөздерімен қанаттандырды. ҚР тарихы кафедрасының аға оқытушысы, магистр Жалекенова Гүлбарам Тілекқабалқызы, оқытушы, магистр Гарифуллина Амина Байғалиевна тақырып бойынша дәріс оқып, баяндама жасады.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басқан Қазақстан үшін бұл он екі ай толымды істерге толы болуы тиіс. Президент мақаласының алғашқы бөлімі «Бағдар мен белес» деп аталып, онда осы күнге дейін елімізде атқарылған дүние сараланады. «Алғашқы онжылдықта Қазақстан іргетасын қаласа, екіншісінде керегесін кеңейтіп, тарихын түгендеуге, шекарасын шегендеп, инфрақұрылымдық жобаларға баса мән берді. Үшінші онжылдықта еліміз индустриялық-инновациялық даму жолын таңдады. Ал алдағы төртінші онжылдықтағы міндет – қуатты елдің иесі және кемел халық болуы», - дейді Қасым-Жомарт Кемелұлы. «Таным мен тағылым» деп аталатын екінші бөлімде тарихты түгендеп, келер ұрпаққа қалдырар «Мәдени мұраға» басымдық берілген. Президент азаттықтың ақ таңы оңай келмегенін айта келе, осы құндылықты бағалай білу үшін құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырды. «Алмас қылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи туындылармен шектелмей, ауқымды фильмдерге арқау болатын шежіреміздегі маңызды белестер мен оқиғаларға мән беру керек», - дейді Мемлекет басшысы. Жалпы, жаңа Қазақстанның тарихы әлі толық жазылмаған. Сондықтан Президент ұлттық мүддемізге сай академиялық үлгідегі көп томдықты жарыққа шығаруды тапсырды. Шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынды. Мұның стратегиялық мәні зор. Жерімізге көз алартып, аумақтық тұтастығымызға күмәнданатындар әлі де бар. Соңғы кездері азаматтарды аса толғандыратын жер



мәселесіне қатысты Президент «Қоғам мен құндылық» бөлімінде жауап беріп, бабалар қанымен, Алаштың жанымен осы күнге дейін сақталып келген қазақтың жеріне нұқсан келмейтініне Президенттің өзі кепіл болып отыр. Президент барды бағалауға шақырды. Жер қадірін жалаң ұранмен өлшемей, Көкжайлауға от жақпай, Көбейтуды лайламай, әр тоқымдай жерді көздің қарашығындай сақтауға үндеді. Қоғамда үнемі қызу талқыланатын тағы бір тақырып – қазақ тілінің мәртебесі. Бұған қатысты да Президенттің пайымы мығым. Ал мақаланың соңғы төртінші бөлімі «Ұлағат пен ұстаным» деп аталып, азаматтық қоғамды дамыту мен саяси реформаларды жалғастыруға арналады. Білім мен біліктің дәуірі – ХХІ ғасырда қазақ халқы да технологиядан қалыспай, әр адам өзін жетілдіріп, жаңа кәсіпті игеріп, ел дамуының басты қозғаушы күші болуы тиіс. Ал ондай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті. Тәуелсіздіктің құрдастары орда бұзар отыз жасқа келіп отыр. Сондықтан Президент талантты, талапты буынға сенім артып отыр. Ал басты ұран - «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген ұғым болмақ.

## Лйбыны асқақ, тұңғыры биік

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – ата-бабамыздың арманы орындалып, тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған Конституциялық Заңнан бастау алған Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл толғалы отыр. Осыған орай, 2021 жылы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарияланған болатын. ҚР-ның азаматы, сонымен қатар болашақ маман иелері ретінде бұл мақаланы талдап, қорытынды шығару біздің, еліміздің барша жастарының борышы деп білуіміз қажет. Сол мақсатпен 29 қаңтар күні онлайн форматта Жаратылыстану-география факультеті «Биология» мамандығының 3-курс студенттерінің арасында бағдарламалық мақаланы талдауға арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелге М.Өтемісов атындағы БҚУ профессор-оқытушылар құрамынан А.Уахитовна, Ж.Санкебаевна, Т.Толегенович, Г.Адилгерейевна және Б/англ-3, Б-31, Б-33 топтарының студенттері қатысып, ояларымен бөлісті. Шара барысында факультет

студенттері мақаланы оқығандарын және түсінгендері туралы айтқан болатын. Дөңгелек үстелдің басты қонағы Шайхиев Турар Толегенович «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласының маңыздылығын, бұған дейінгі бағдарламалардан ерекшелігін студенттерге түсіндіріп, жеткізді. Әр студент Президентіміздің «Біз Тәуелсіздігімізді нығайту үшін тағы не істей аламыз?» деген сұрағына жаңа, тың идеяларды қолданып жауап берді. Атап өтсек, алғашқылардың бірі болып Смағұлова



Гүлнұр Қ.К.Тоқаевтың мақаласын жік-жікке бөліп, әр бөліміне анализ жасады. Керім Диляра сонау «Ақтабан шұбырындыдан» бастап, 1986 жылдағы қозғалысқа дейінгі қиын кезеңдерге шолу жасады. Мұзапбарқызы Назерке мен Жуламанова Динаның баяндамасынан әр рух пен болашаққа деген сенімділік байқалды. Кейін Қалтөреева Гүлнұр Президентіміздің жолдаған мақаласынан түйген ойын айтып өткен болатын. Ал Шахметова Айгерім «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген Қ.Кемелұлының мақалада қойған сауалдарына кеңінен жауап берді. Умирбаева Жанерке мақалада көрсетілген жер мәселесін талқылады. Ал Кушкымбаева Сымбат мақаланы орыс тілінде баяндап, 30 жылдық жетістіктерді саралап берді. Исмагулов Армат мақалаға сүйене отырып, егемендіктің тұңғырын биіктету мақсатында жаңа ойларымен бөлісті. Дөңгелек үстел жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Шара барысында тақырыпқа байланысты бейнероликтер, презентация көрсетіліп, таныстырылды. Семинар соңында Шайхиев Турар Толегеноұлы студенттердің баяндамаларынан алған әсерімен бөлісіп, жиынды қорытындылады.

**Айгерім ШАХМЕТОВА,**  
сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет» - деп қадап айтуы сол үрейді сөйлітіп, сенімімізді арттырды десек болады. Жерімізді көздің қарашығындай сақтауға үлес қосуға үндеді. Расында, жеріміз – біздің баға жетпес байлығымыз, болашағымыздың кепілі. «Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз» - деген Қазбек бидің өсиетін ұстанған ұрпақ қашанда ұлтарақтай жерін қорғауды азаматтық борышы санайды.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев ана тіліміздің мәртебесін көтеруде немқұрайлылыққа салынбауға шақырды. Барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін жетік меңгермегендерге үндеу тастады. Тіліміздің мәртебесін көтеру баршамызға ортақ әрі бірлесіп атқаратын іс. Біз алдыңғы буыннан үлгі-өнеге алсақ, келер ұрпақ бізден үлгі алады. Сондықтан, біз, жастар бұл мәселеде белсенді болуымыз қажет деп есептеймін.

Мақаланың «Ұлағат пен ұстаным» аталған соңғы бөлімінде азаматтық қоғамды дамытудың жан-жақты жолдары қарастырылған. Білімге, кәсіп игеруге баса мән беріліп, жаңа технологияларды қолдануда әрдайым жаңашылдық таныту қажеттігі көтерілген.

Өз басым мақаладан үлкен ой түйдім, болашаққа деген сенімім артты. Бұл біздің санамызға сілкініс жасаған маңызы зор құжат болды деп ойлаймын. Мен сияқты еліміздің әрбір азаматшасы, жас буыны Мемлекет б а с ш ы с ы н ы мақаласынан күш-қуат, жігер алды деп есептеймін. Тәуелсіздігімізді баянды, болашағымызды жарқын ету біздің қолымызда. Яғни, сапалы білім игеріп, саналы тәрбие алған, ұлттық рухы мықты ұрпақтың қолында.

**Альбина САҒИДУЛЛА,**  
*Тарих, экономика және құқық факультетінің 1-курс студенті*





# Тәуелсіздік – ең басты байлығымыз

Жақында Тарих, экономика және құқық факультеті Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен қазақ тілінде М.Б.Гайсина, орыс тілінде К.М.Науанова баяндама жасап, «Халықаралық қатынас» және «Аймақтану» мамандығының 2,3-курс студенттері арасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын талдау мақсатында пікір алмасу шарасы жүргізілді.

Президент өз мақаласында егемендігіміз бен елдігіміздің тірегі болатын басты бағыттарға тоқталып, іргеміздің берік болуы үшін қажет шараларды да айқындап берді. Мақалада еліміздің тарихына аса үлкен назар аударылып отыр. Осыдан тура 100 жыл бұрын орын алған ашаршылық жылдары мен бірі білсе бірі біле бермейтін 1986 жылғы «Желтоқсан көтерілісін» дағдылы түрде зерттеп, қазынаға толы тарихымызды жоспарлы түрде насихаттау мақсат етілген болатын. Сонымен қатар, соңғы кезде халық назарында болған жер мәселесі қаралып, Президентіміз оны өз мақаласының «Қоғам мен құндылық» бөлімінде бастау етіп алған болатын. Осылайша, бабалар қаныменен,

алаштың жаныменен осы күнге дейін сақталып келген қазақтың жеріне нұқсан келмейтініне Президенттің өзі кепіл болды.

Жалпы, бұл шара жоғарғы деңгейде өтіп, студенттер өз пікірлерімен бөлісіп, мақала толықтай талданды. Менің ойымша, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаланың стратегиялық маңызы зор және еліміздің болашағы үшін де үлкен маңызға ие. Өйткені, Тәуелсіздік – біздің ең басты байлығымыз. Ал, оны сақтап қалу және Қазақстанымыздың туын көкке көтеру жастардың, яғни, біздің қолымызда.

Мадина ҚАЛИЕВА,

«Аймақтану» мамандығының 3-курс студенті

Жуырда Жаратылыстану-география факультетінде Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған мақаласы талқыланды. Конференцияда «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты баяндамасымен аға оқытушы, магистр Жалекенова Гулбарам Тлеккабыловна, оқытушы-магистр Гарифуллина Амина Байғалиевна сөз алып Президент мақаласын жан-жақты талқылап, студенттерге жеткізе білді.

## Тұғыры биік Тәуелсіздік

Шара барысында презентациялар мен түрлі бейнероликтер көрсетілді. Сонымен қатар Президент мақаласындағы 4 бөлімге жан-жақты тоқталып, сараптап студенттерге тәуелсіздік, егемендік ұғымын қайта танытқандай болды. Бұл конференцияда баяндамашылар 1,2,3-курс студенттеріне Тәуелсіздік ұғымын, оның қадір-қасиетін ата-бабаларымыздың оны білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалғандығы тағы бір рет еске түсірілді. Бұл шарадан студенттер де қалыс қалмады. Айжан Мүбәрәкова, Аяжан Жолболсынова секілді студенттеріміз өз пікірлерімен бөлісіп, ойларын ортаға салды. Олардың пікірінше бұл мақала өткенге қорытынды, ал болашаққа жоспар. Студенттер бұл мақаладағы тарихи оқиғалардың маңызды екенін назарға ала отыра баяндамашылардың ой-пікірлерін толықтыра түскен секілді.

Нурлан ҚОСАНОВ,  
Биология-география мамандығының 1-курс студенті

## Туған жер - тұғырың, туған ел - қыдырың

Жақында экономика және менеджмент кафедрасының ұйымдастыруымен 1-3-курс студенттері арасында «Туған жер-тұғырың, туған ел-қыдырың» тақырыбында брейн-ринг шарасы оздырылды.

Шара барысында кафедра оқытушылары А.Б.Егзадиева мен О.В.Черемухина алғысөз сөйлеп, студенттерге «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оздырылып жатқан шаралардың маңыздылығын айтып, туған жер, туған елдің патриоты болу, елін сүю, еліне адал қызмет ету керектігін атап өтті. Студенттерге көптеген сұрақтар қойылып, өз кезегінде олар тұщымды жауап бере білді. Данияр Ержанов (МиБ-12), Камилла Төлеуова (ЭИМ-12), Ляззат Қалмырза (ГМУ-21), Эльдар Тазов (МиБ-12), Швейкин Роман (МиБ-12), Дияр Ибраев (Т-32) сынды студенттер шараға белсенді қатысып, Алғыс хаттармен марапатталды.



ғылымдарының  
ты, доцент  
Әскен

«Қазақстан  
төртінші он-  
дағы саяси  
лардың жаңа

тақырыбын Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саясаттанушы Шайхиев Тұрар Төлегенұлы ашып баяндап, өз пікірлерін ортаға салды. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапханасының директоры Тотықұс Еркінқызы Әлімбекерованың бастауымен «Тәуелсіздік – қазақ халқы рухының қайнар көзі» тақырыбында көрме жасақталды.

Соңында 6 факультеттің 6 студенті профессор-оқытушылар құрамы мен ұйымдастырушыларға алғыс айтып, сөз сөйледі. Әдемі кеш әдемі фотосуретпен қорытындыланды.

к а н д и д а -  
Муханбеткалиев  
Самұратұлы,

Тәуелсіздігінің  
жылдығын-  
реформа-  
т о л қ ы н ы

## Адам дүниеге патриот болып келмейді

Университетімізде «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен «Адам дүниеге патриот болып келмейді» тақырыбында онлайн/офлайн деңгелек үстел өткізілді. Басты мақсаты - Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласының әр бөлімін талқылау, талдау.

Модератор - «Рухани жаңғыру» институтының директоры А.С.Қыдыршаев. Алғы сөз әлеуметтік мәселелер және тәрбие ісі жөніндегі проректор Дәрішова Түймеш Малбағарқызына берілді. Деңгелек үстел шымылдығын ҚР Мәдениет саласының үздігі Ғұбайдуллин Ербол Аманжолұлы Махамбет бабамыздың күйімен ашты. Филология факультетінің 4-курс студенті Кінәма Ернұр мен 3-курс студенті Мамұт Зафура Махамбет бабамыздың өлеңдерін өре әдемі поэзиялық көңіл-күй сыйлады.

Бұл жиынға 7 баяндамашы қатысты. Алғашқы баяндаманы «Тәуелсіздік құндылықтарының тағылымы» тақырыбымен педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы жасады. «Президент мақаласындағы мемлекеттің тарихи сабақтастығы мәселелері» тақырыбын тарих ғылымдарының докторы, профессор Сыдықов Мұрат Наурызғалиұлы, «Тәуелсіздік: бағдар мен белес» тақырыбын техника ғылымдарының докторы, профессор Айталиев Ермек Сәтбайұлы, «Қазақстандықтар – біртұтас және тату көпұлтты халық» тақырыбын педагогика ғылымдарының докторы, профессор Салов Владимир Юрьевич, «Тәуелсіздік: қоғам мен құндылық» тақырыбын мәдениет және өнер факультетінің деканы, PhD, қауымдастырылған профессор Қажымова Қарлығаш Рахымқызы, «Қоғамды рухтандырушы рефлексия» тақырыбын филология факультетінің деканы, педагогика

Жуырда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Педагогика факультеті Педагогика және психология кафедрасының магистрлері С.Б.Калаханова мен А.А.Жумабаеваның ұйымдастыруымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын талдау мақсатында «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламаларының 1,2,3-курс студенттеріне онлайн-семинар өткізілді.

## Тәуелсіздік – тұғырым

Семинар барысында Қазақстанның тұғыры биік ел болып қалыптасуындағы маңызды кезеңдер мен оқиғалар жинақталып, жүйеге келтіріліп, 2-3-курс студенттері А.Абтиева «Бағдар мен белес», Г.Қуаныш «Таным мен тағылым», М.Бекболова «Қоғам мен құндылық», А.Әшімова «Ұлағат пен ұстаным» бағыттары бойынша дайындаған презентациялары мен баяндамаларында көрініс тапты. Семинар барысында мақала мазмұнында қарастырылған 4 бөлім бойынша бейнебаяндар көрсетілді. Бекіту мақсатында ой толғайтын сұрақтар қойылып, болашақ маман иелері елімізді дамытуға байланысты қандай шешімдер мен мәселерді қарастыру керек екендігін айтып, белсенді пікір алмасты.

Онлайн-семинарды қорытындылауда студенттердің ой-пікірлерімен, алған әсерлерімен бөлісу үшін интерактивті Google презентациясы қолданылды. Семинар қатысушылары сілтеме арқылы онлайн-презентацияға өтіп, 4 бөлім бойынша 4 тақтаға ассоциация тудыруға символ және фотосуреттер салды. Кейін әр презентация қорғалып, сол арқылы мақала мазмұны тұжырымдалды. Президентіміздің мақаласы жастарға жаңа серпін мен жігер қосқаны байқалды.

Онлайн-семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Еліміздің алдына қойылған міндеттерін орындау мен белестерді бағындыруға студенттеріміздің атсалысу катысатынына сенімім мол. Өткен тарихты біле отырып, болашаққа үлкен үмітпен қарайтын патриоттар бүгінде біздің қатарымызда көп екені қуантады.

Ендеше, ынтымағы жарасқан тәуелсіз қазақ жерінде әрбір азамат елдігіміз бен тәуелсіздігімізді паш етіп, бейбіт өмір сүруімізге өз үлесін қосса, бауырмалдығымыз бекіп, тұрақтылығымыз нығая түсері анық.

Гульназар САЛИХАТ,  
Педагогика және психология мамандығының  
2-курс студенті

## Тәрбиелік мәні зор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы биология мамандығының студенттеріне Педагогика курсы бойынша сабақта бірлесіп кеңінен талқыланды.

Мақаланың болашақ педагог мамандығын меңгеріп жатқан студенттер үшін тәрбиелік мәні өте зор. Тәрбие ісіне араласатын мамандық иелеріне өскелең ұрпақтың тарихи санасын, заманауи, азат көзқарасын қалыптастыруда төл тарихының жолдары терең зерттеліп жазылған мақаланың берері мол.

Ләззат МАДЕНОВА,  
Мектепте дейінгі және бастауышта білім беру  
кафедрасының аға оқытушы, магистрі

## Тәуелсіздіктің мәнін ұғындырды

5 ақпан күні Филология факультетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мақаласын талдау шарасы өткен болатын. Шараның қадірлі қонағы болған Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы мен Насимуллина Айгүл Бисембаевна студенттерге сүбелі сөз бен жүйелі ойларын айтты.

«Тәуелсіздік» деген сөздің мән-мағынасын тереңінен ұғындырып, өзекті мәселелерді қамтып, ой-талқыға салып, санамызға жеткізе білді.

Студенттер өз ойын еркін айтып, мазалаған сұрақтарының тұщымды жауабын алды. Шара соңында белсенді студенттеріміз Байрамбай Тілектес, Анна Корчемкина, Әділ Ахметов өз өнерлерін ортаға салды.





Баубек Бұлқашев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынұв

# Журналист

(Journalist)



№10 (35), ақпан, 2021 жыл

Абай өні – ұлт қазынасы


## «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар»

(Абай әндері – рухани байлық көзі)

Әннің де естісі бар, есері бар.

Абай

Ақылгөй дарабозымыз Абайдың ой-тұжырымдары – баршамызға қашан да рухани азық. Ойшыл мұрасы – күллі адамзат баласының рухани азығы. Бүгінде Абай ғұламаның өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы екендігіне талас жоқ. Ақиқаты – Абай тағылымы терең. Әркімнің өз Абайы бар десек те, Абай өлемін тұтас кейіпте, біртұтас дүние қалпында тану да оңай олжа емес. Себебі, Абай сыры тереңде, Абай құпиясы таңғажайып. Анығы - Абайдың рухани өлемі тылсым, тұңғық. Қазіргі таңдағы рухани жаңғыру тұсында Абай сынды ойшылдың рухани өлеміне кең тұрғыда үңілу қажет-ақ. «Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидаларын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз... Әсіресе, қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды» (Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, №5, 9 қаңтар 2020 ж., -1-2-б.б.); Абай – рухани реформатор. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы // «Егемен Қазақстан» газеті, №150, 10 тамыз 2020 ж., -1-2-б.б.). Біздіңше, бүгінгі өзекті мәселенің бірі - Абай сынды ғұламаның терең де тұңғық ойларын еркін түсіну, бойға сіңіру үшін жаңа ұрпаққа дұрыс түсініктеме беру қажеттігі. Қалай десек те, кемеңгер ойшылдың рухани мол мұрасын бүгінгі, кейінгі жаңа ұрпаққа ұғындыру - парыз іс. Демек, данышпан Абай – біртұтас тұлға. Абай - ой алыбы. Абай ұлылығы - мол рухани мұрасы арқылы күллі болмыс заңдылығын біртұтас толық қамтуында, көктегі Темірқазық жұлдызындай өміріміздің адастырмас мекесі бола алуында. Абай мектебі - тағылымды өмір мектебі. Егер де адам мақсатына рухани жағынан өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, қай-қайсымыз да әуелі білім алу арқылы білместіктен арылуымыз қажет. Осы арнаға баса әуіріміз берсек, әркімнің өз бақытын өзі жасауы көміл. Бұл орайда Абай – рухани бай тұлғаның моделін ұсынушы. Ойшыл, ең алдымен, адам болмысына, адам тұлғасына, «толық адам» формуласына баса назар аударады. Біздіңше, Абайдың «толық адамы» – адал, ізгілікті, жаны жақсылыққа құмар, өз ісіне сенімді, ширақ қимылды аса зерек жанның сипаттамасы. Мәселен, Абай данышпан айтады: *Білгейің, «мақсат - алыс, өмір - шақ». «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі іде – ақымақшылық» деп. Ой алыбы «ақыл – жан қуаты, ақыл – жүректің суаты» дей келе, «адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүреkte жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады». «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт себеп бар: бірінші – көкірегі байлаулы беріктік, екінші – ғибратлану, тұшынып, ынтамен ұғу, үшінші – бірнеше қайтара ойланып, көңіле бекіту, төртінші – ойдың кеселді нәрселерден қашық болуы керек»,- деп пайымдайды. Демек, Абайдың рухани мұрасын меңгеру – бүгінгі заманауи өзекті мәселе. Біздіңше, Абайдың рухани мұрасы тұлғаның тағдырын өзгертеді. Абайдың рухани мұрасы – тұлғаны түзетудің, тұлғаны түлетудің тұғыры (Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев М.А. Адамзаттық Абайдың рухани өлемі – құндылықтар тұнбасы // «Абай және адамзаттық гуманизм» тақырыбындағы халықаралық форум материалдары. Назарбаев университеті. Нұр-Сұлтан қаласы. 2020.-45-51-б.б.; Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев М.А. Абай сөзі – құндылық сөзі // «Ғылым және білім – 2020» атты І Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. «Bilim orkenieti» ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы. Нұр-Сұлтан, 2020. -114 -118 -б.б.; Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев М.А. «Қолдан келмес іске ұмтыл, азат басың болсын құл» (Жаңа ұрпақты Абайдың рухани мұрасына баулу мәселесі хақында) // Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы Абай мұрасы – өскелең ұрпақты рухани жаңғыртушы әлеует» атты*



республикалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. – Орал: М.Өтемисов атындағы БҚМУ РБО. 17 сәуір 2020. – 16-21 - б.б.).

Таңғаларлығы, ерекше дарын иесі, ақын Абай – қазақ поэзиясын қаншалықты биік шыңға көтерсе, ұлттық музыка өнерінде де жаңаша соқпақ салушы. Дәстүрлі халықтық музыкаға соны түр, жаңаша екпін, ерекше нақыш әкелуші. Бір ғажабы, сол тұста музыкалық жазба мәдениет болмаса да, Абай әндері бізге толық жеткен. Оның басты себебі - әндерінің халық арасында кең таралып, тыңдаушылар жүрегінде өшпестей орын алуы. Мелодиялық, ырғақтық, формалық, интонациялық өлең өлшемдерінің жаңашылдығы тұрғысынан Абай әндері өзіне дейінгі қазақтың халық әндері мен халық композиторларының музыкалық әуен-сазынан, толқынды назынан ерекшеленеді. Абай қазақ поэзиясына қаншалықты жаңалық әкелсе, ән жанрының құрылымы жағынан соншалықты жаңа лепті әуен, саз қоса білді. Бұл ретте Абай әндері саны жағынан аса көп емес, алайда ақынның шығармашылық мұрасының сом бөлігін құрары даусыз. Зерттеушілердің дерегіне жүгінсек, Абай 60-қа жуық (түрлі нұсқаларын қосқанда) ән шығарған. *Өнертану, сазтану іліміне сүйенсек, «музыка әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі» (Ахмет Жұбанов).* Демек, Абай әндерінің ерекшелігін тануымыз үшін, оның рухани ортасына назар аударсақ, композитор-ақын әндері - замана үні, бұл - сол заманда ұлттық мәдениетіміздің аса бір ұшар өрлеу биігінде болғанын анық аңғартпақ. Олай болса, Абай - композиторлық қыры жағынан өзіндік зор ерекшелікке ие өнер иесі, өзіндік бірегей мектеп қалыптастырушы өн өнерінің зергері іспетті әнгер ұстаз. Абайдың музыкалық шығармалары – қазақ музыкасының биік белесін байқататын лириканың көркем үлгілері. Демек, қазақтың дәстүрлі өн өнерінде Абай өзіндік музыкалық үнімен, ерекше әуезділігімен, әндерінің нәзік сезімталдығымен, тақырыптық, жанрлық кеңдігімен, ырғақтық, өлшемдік орамдылығымен жаңашыл композитор ретінде халыққа кеңінен таныла білген. Қазақтың халық музыкасын терең білген Абай өз шығармаларында сол дәстүрдің әуен-саздық ерекшеліктеріне сүйене отырып, өзіндік өн нақышын тапқан. Оған себеп - Абайдың өскен ортасы. Композитор жастайынан қазақтың дәстүрлі музыкалық фольклорын жете танып, бойына сіңіре өскен. Сондай-ақ, орыс халқының мәдениетімен таныстығы, оның демократ ақын-жазушыларының шығармаларын оқығандығы және Семей секілді мәдениет орталығы болған қалада әртүрлі этнос өкілдерінің халық әндерімен қоса еуропалық

музыканы да тыңдағаны тоғыса келіп, оның өн өнеріне келуіне әсер еткен. Абай ән шығаруға қазақтың халықтық бай музыка интонациясын жақсы меңгеріп, өзінің әндерінде сол тәсілді қолдана білген. Ол Семейде жүргенде М.Глинка, А.Рубинштейн секілді музыканттардың романстарын да есіткен. Мәселен, сазгердің шалқымалы, әсем сазды, кең үнді, нәзік сезімталдылығымен өрнектелген лирикалық («Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, қаламқас», «Сен мені не етесің?», «Өзгеге көңлім тоярсың») әндері кестелі музыкалық тілімен, образдық сипатымен, сезімтал эмоциялық әсерімен өн мәдениетінде, оның ішінде лирикалық-ғашықтық әндердің классикалық үлгілеріне айналды. Сондай-ақ, тақпақ сазды, ақындық сарындарымен үндес, речитативтік әндерінде мазмұндық жағы жетекші орын алып, шағын диапазонды мақамдарда күрделі қоғамдық, әлеуметтік проблемалар көтерілген өзіл-сықақ, өсиет-нақыл, насихаттау, сынау тақырыптары басым келеді («Бойы бұлғаң», «Ата-анаға көз қуаныш», «Біреуден біреу артылса»).

Абайдың музыкалық мұрасы өрқашан да өзінің көркемдік ерекшелігімен, терең ой, мағыналы мазмұнымен көптеген зерттеуші-ғалымдарды (А.Жұбанов, Л.Хамиди, Б.Ерзакович, Е.Брусилковский, Д.Мельников, И.Шухов, Ж.Зейнуллина, И.Ақылбайұлы, А.Нұрымбекова, С.Күзембаева, С.Муталапхан, У.Бекенов, А.Қазтуғанова, Ж.Әбдіғалпарова), фольклортанушыларды (Бимбоэс Альвин Эрнестович, А.В.Затаевич, Нәзіпа Құлжанова, Н.Ф.Финзейден) қызықтырып, олардың зерттеу нысанына айналған. Өнертанушыларға сүйене айтсақ, Абайдың музыкалық - эстетикалық көзқарасына тамсанбау мүмкін емес. Музыканың теориясын оқымаған Абай өзінің өткір ойы арқылы бұл өнердің қыр-сырын өзінің терең түсінетінін байқатқан. Мәселен, ақын әнде кейде зауық, кейде мұң суреті келетінін баяндап, музыка тілінде мажор, минор құрылыстарын айтқысы келсе керек. Осы жерде ақынның эстетикалық талғамы мен түйсігіне риза боламыз. Данышпан Абай қазақтың күй өнері жөнінде де терең ойлар айтқан. Күйдің сөзі болмағанымен, оның адамға берер әсерінің аса терең екенін меңзеген.


Абайдың бұрын-соңды халықтың музыкалық салтында болмаған жаңа өткір тілмен өлең мәтініне құрылған әндер ұсынуы - сол кезең үшін іргелі оқиға. Жаңа ырғақ өлшемі, жаңа кейіпті мелодия жолы, жаңа үн сөздіктері - Абай музыкасының жаңалығы. Бұрынғы он бір және жеті-сегіз буынды өлеңдермен айтылатын әндерге Абай әндері ұқсамайды. Абай тудырған жаңа поэзия лебі оның әндеріне де жаңа лебіз берген. Абай әндері нотаға түскен күннен бастап фортепианолық сүйемелдермен жеке дауысқа арналып, нотаға түсіріліп орындала бастаған. Бертін келе Қазақстан композиторлары Абай әндерін өздерінің шығармаларына тақырып-арқау ете білген. Кейін Абай әндері негізінде жеке аспаптарға (ұлт аспаптарына, симфониялық оркестр аспаптарына), шағын ансамбльдерге (трио, квартет, квинтет) және үлкен оркестрге арналып шығармалар жазылды. Сондай-ақ, Абай әндері «Абай» операсына молынан енгізілді. Абай - тек өн шығарушы ғана емес, өн-күйдің әділ сыншысы да. Ол өн-күй жөнінде көптеген терең де тұңғық ойлар өрбіте білді. Абай әнді орындау шеберлігіне де көп көңіл аударған. Жақсы шығарылған өн-күй жаман орындаушының қолына түскенде, «ауыздан шыққанда өңі қашатын, көңілдегі көрікті ойдың» кебін киетінін Абай сезе білген. Шығарушылық пен орындаушылықтың екі түрлі қабілет екенін де жақсы түсінген. Тіпті, Абай алғашында өз әндерінің шығарушысы да, оларды бабына келтіріп орындаудың нұсқаушысы да, өн-күйдің, әншіліктің сыншысы да өзі болған. Демек, Абай – қайталанбас дарынды композитор (Әбдіғалпарова Ж. *Абайдың музыкалық мұрасы // «Абай және адамзаттық гуманизм» тақырыбындағы халықаралық форум материалдары. Назарбаев университеті. Нұр-Сұлтан қаласы, 2020. -118-126-б.б.*)

Қысқасы, ел зердесіне көшер елеулі сөзді өз тұсында қазақтың Абайы айтқан. Ал осы ұлы Абайдың өн мұрасына үңіліп отырған Жұмағаным Әбілхалыққызы Рахимова – өнер тағындағы тұлғалардың бірі. Себебі Жұмағаным сынды өн өнерінің бірегей тұлғасы әнді көптен қалмау үшін айтпайды. Көптен қалмау көкке самғау емес. Әсіресе, өнерде. Өнер адамының таланты – табиғатынан, талабы – өзінен. Білеріміз, өнері аздар өрнеккер келеді. Ақжайық бұлбұлы атанған Жұмағанымнан бұндай жат мінезді мүлдем байқамаппыз. Кішіпейілділік – кемеңгерліктің көркі. Вокал саласының білгір маманы, әнші-ұстаз Жұмағаным Әбілхалыққызын қашан көрсек те – үлкен-кішіге кішіпейілдік танытып жүргені. Өнер тұлғасы – жүректі би етпей, өз жүрегіне ұстаз бола білген жан. Егер де дарынды дарын қол шатыр десек, Жұмағаным Әбілхалыққызы – шәкірттеріне қол шатыр іспетті тұлға. Бір ғажабы, әнші-ұстаз шәкірттерінің жанынан күн жауғанда ғана емес, күн ашықта да табыла біледі. «Күн ашылған соң, қол шатыр ұмыт қалады» деген қағида бұл тұста жүрмейді. Аталмыш еңбекті құрастырудағы мақсаты да – осы. Ойшылдарға сүйенсек, әркім өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қалайды емес пе? Ұсынылып отырған жинақты құрастырушылар – өз тұлғаларын өздері сомдау, қалыптастыру үстіндегі өнер адамдары. Ендеше, амандығында адам абдырамайды десек, қашан да аман жүргей!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

«Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
Жанар ҚАБДІРАХИМОВА,  
«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері





Дос, ақылыңа ақыл қос!

# АҚЫЛ ИЕСІ - СӨЗ ИЕСІ

Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ ауызының дуасы жоқ.

**Төле би Әлібекұлы** (1663-1756 ж.ж.), мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы жүздің төбе биі \*\*\*

Өткір сөз иесі ойына түйгеннің бәрін айдан анық айтып бере алатын ділмар болуы керек.

**Әбу Насыр әл-Фараби** (870-950 ж.ж.), Орта ғасырдың атақты ойшылы, энциклопедист ғалым \*\*\*

Жігітке бірінші – білім, екінші – ғылым, үшінші – ұғым керек.

**Жиренше шешен** (XV ғ.), аңызға айналған қазақ ділмары \*\*\*

Ақылдан тірегі болмаса, Алмастай өткір жүрегі болмаса, Шешендік мінсіз бе?

**Төле би Әлібекұлы** \*\*\*

Өте жақсы сөз айтқандар – дана ғой, Білімді сөз – білімсізге сана ғой.

**Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн** (1017-1075 ж.ж.), Орта Азияның белгілі ақыны, ғалым \*\*\*

Жақсының сөзі кем емес, Алуа, шекер, бал судан. Жаманның сөзі кем емес, Адам таппас зәр судан.

**Мұрат Мәңкеұлы** (1843-1906 ж.ж.), ақын-жырау, айтыскер ақын \*\*\*

Жүрек пен рухтың қуат күші – адамдарды ділмар ететін құдірет.

**Марк Фабий Квинтилиан** (б.з.д. 35-96 ж.ж.), римдік ритор, ғалым \*\*\*

Кімде-кім риторика ілімінің қағидаларына бейім болса, сол ритор саналмақ.

**Михаил Ломоносов** (1711-1765 ж.ж.), орыс оқымыстысы, орыс риторикасы ғылымының негізін салушы \*\*\*

Шешендік қасиет – екінің бірінде кездесе бермейтін қасиет.

**Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн** \*\*\*

Көсем де, шешен де елден шығады, Не қажетің жерден шығады.

**Халық мақалы** \*\*\*

Данышпандық көшедегі қызыл тілге қонбайды. Ол қара тобыр қол соққан шешеннен ат-тонын ала қашады.

**Томас Карлейль** (1795-1881 ж.ж.), ағылшын жазушысы, тарихшы, философ \*\*\*

Кісі сөз өнерін білетін шешен болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей біл! Сөйлесең, шындықты сөйлеп, туралықты айтумен атағың шықсын!

**Ахмед Иүгінеки**, шығыс ойшылы, ақын, ғалым \*\*\*

Шешен қашан да қарулы жауынгердей сақадай сай қалыпта мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрдайым жеңіске ұмтылуы тиіс.

**Марк Фабий Квинтилиан** \*\*\*

Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы тиіс.

**Марк Тулий Цицерон** (б.з.д.106-43 ж.ж.), Римдік шешен, қоғам қайраткері \*\*\*

Шешен екі негізгі құндылыққа ие болуы тиіс: бірі – дәл де нақты дәлелдермен иландыра білу білігінің болуы, екіншісі – тыңдаушылардың жан дүниесіне өтімді де батымды сөзбен ой сала әсер ету. Сондай-ақ судьяның көзін жеткізуден гөрі, оның көңілін көтере рухтандыру маңыздырақ.

**Марк Тулий Цицерон** \*\*\*

Шешен адал адам болуға тиіс. Ол өзінің шешендігін саудаға салуға қақысы жоқ.

**Пьер Рамус** (1515 – 1572 ж.ж.), француз философы \*\*\*

Шешен болар адамның айтар ойы болуы міндетті. Осы ойын айтуы керек екендігін сезінуі тиіс. Тыңдаушылар онымен бірге күлсе күліп, жыласа жылап,

жүрегінің соғуын сезінуі қажет.

**Генри Уорд Бичер** (1813-1887ж.ж.), американдық қоғам қайраткері, дінтанушы \*\*\*

Шешендік – шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе. Мұхаңның шешендігі ғұлама ғалымдығында жатыр.

**Зейнолла Қабдолов** (1927-2006 ж.ж.), жазушы, әдебиеттанушы, ғалым, академик, дүлдүл ділмар шешен \*\*\*

Шешеннің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау.

**Марк Тулий Цицерон** \*\*\*

Ойласаң мың бір пәле тілден туған, Шешендер топ ішінде тілді буған.

**Шал (Тілеуке) Құлекеұлы** (1748-1819 ж.ж.), қазақтың төкпе ақыны \*\*\*

Дарынды ділмар шешен әр нәрсенің мән-мәйегі мен өсемдігін өзіне қайтарып береді.

**Михаил Сперанский** (1772-1839 ж.ж.), қоғам қайраткері, риторика маманы \*\*\*

Шешеннің парызы – шындықты айту.

**Платон** (б.з.д. 427-347 ж.ж.), ежелгі грек философы \*\*\*

Шешендік батылдықты тілейді.

**Петр Пороховщиков** (1867-1954 ж.ж.), орыс заңгері, шешендіктанушы \*\*\*

Тұлпардан шыққан із қалар, Сұңқардан биік құз қалар, Жаңбырдан жерге нұр қалар, Жасанған жасыл қыр қалар, Шешеннен асыл сөз қалар.

**Нүрпейіс Байғанин** (1860-1945 ж.ж.), ақын-жырау \*\*\*

Нағыз шешендікті меңгерудің жолына тәуекел етсеңіз, онда өте әділетті және істі әділетті шешуде білгір, білімді адам болуға міндеттісіз.

**Платон** \*\*\*

Бір сөз айтсаң жақсыға, Аталы сөзге тоқтайды. Бір сөз айтсаң жаманға, Өмірінде де ұқпайды. Шешеннің сөзі шын асыл Қап түбінде жатпайды.

**Жанқұтты Ботантайұлы** (1810-1873 ж.ж.), шешен, би \*\*\*

Шешенге біткен қанат тауыққа емес, бүркітке тән талмайтын, самғайтын қанат болуы шарт.

**Мұхтар Омарханұлы Әуезов** (1897-1961 ж.ж.), қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, ғалым \*\*\*

Шешендер айтқан сөзі арқылы адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етеді.

**Ахмет Байтұрсынұлы** (1873-1937 ж.ж.), қоғам қайраткері, ақын, ғалым-лингвист, педагог \*\*\*

Сөз үйіріп әкететіндей басталып, дәлелді аяқталуы тиіс. Жақсы шешеннің міндеті – осы екі тұсты мүмкіндігінше жақындату.

**Гилберт Кит Честертон** (1874-1936 ж.ж.), ойшыл, ағылшын жазушысы, эссеист \*\*\*

Шешенге орасан сезімталдық, құбылыс атаулыны жанды қалыпта елестете білу ауадай қажетті... Шешен өз тыңдаушыларының бойында шалқыған шабыт, дария сезім, атқарылар іске сәйкесті құштарлық ұялатқысы келсе, ең алдымен, осыны өз бойынан өткізуі тиіс.

**Михаил Сперанский** \*\*\*

Шешендер сөйлегенде, Қабырғалар құлағын түреді.

**Қадыр Мырза Әлі** (1935-2011 ж.ж.), қазақ әдебиетінің классигі, ойшыл, қоғам қайраткері \*\*\*

Нағыз шешен өз сөзімен қылмысты, алдамшы айыпкерлерді азаматтарға жек көрсетіп, жазалап құлатады, ол

өзінің дарын күшімен кінәсізді соттан және жазалаудан арашалай алады. Ол жасқаншақ та жалтақ халықты ерлікке жігерлендіреді, оны адасудан алып шығады, жексұрындарға қарсы кекті тұтандыра алады, парасатты ерлерге қарсы күншілдікті өшіреді, ақырында, ол бір ауыз сөзімен, жағдай талап еткенде, адамның қандай болмасын құмарлық сезімін қоздыра да, баса да алады.

**Марк Тулий Цицерон** \*\*\*

Шешеннің тағдыры мемлекет тағдырымен төркіндес. Адамзат баласының даналық мәйектерін толық меңгеріп әрі сөздің таңғажайып қуатын өткір сезініп, даңқ тұғырына көтеріледі. Көптің құрметіне бөленеді және мемлекетке бақыт өпереді, жақсылыққа кенелтеді.

**Марк Тулий Цицерон** \*\*\*

Шынайы шешен – тума талант. Ол халық өмірі мен әдет-ғұрып, салт-сана дәстүрлеріне мейлінше жетік болуы керек.

**Марк Тулий Цицерон** \*\*\*

Шешеннің аты шешен бе, Таңдайға дәмі үйіріліп, Даугердің тауын шақпаса.

**Дулат Бабатайұлы** (1802-1874 ж.ж.), қазақ ақыны \*\*\*

Адамның терең ойын, көңіл-күйдің нәзік реңктерін, жан толғаныстарын, жасырын әуендерін жатық, жүйрік тілмен жеткізу үшін шешеннің биік дүниетанымы, жан-жақты көркемдік, өмірлік тәжірибесі болуы абзал.

**Серік Негимов**, әдебиеттанушы ғалым, шешендіктанушы \*\*\*

Шынайы шешен – жарқын тұлға. Оның ойлау, сөйлеу мәнері, кескін-келбеті, рухы, тәжірибиесі, ішкі мәдениеті, білім өресі, дүниетанымы, талант табиғаты, жан мен тән қуаты, мінбедегі тәртібі, ым-ишараттары, дауыс ырғағы қызықтырмай қоймайды.

**Серік Негимов** \*\*\*

Бір шешен топты жойқын, буырқанған шабытымен билеп-тестейді, екіншісі – жатық, әсем жеткізу шеберлігімен, үшіншісі – әзіл-оспақ, күлдіргі айтқыштық талантымен, төртіншісі – жүйелі, сабақтас, анық баяндауымен баурайды.

**Виссарион Белинский** (1811-1848 ж.ж.), орыс әдебиеттанушы ғалымы, сыншы \*\*\*

Шешен – тыңдаушылардың рухани дүниесін байытушы, өмірдегі, қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды байыбына жетіп, талдап түсіндіруші, белгілі бір ой-пікірлерді, халықтық мәселелерді жеткізуші, жан сала насихаттайтын үгітші. Бұл орайда ол – әлеуметтік саяси тұлға.

**Серік Негимов** \*\*\*

Өз тыңдаушыларына ділмарлығымен ықпал етуші әр шешеннің бойында бір ақындық бар.

**Отто Бисмарк**, неміс қоғам қайраткері \*\*\*

Шын беріліп қызықтырған нәрсе ғана жүрекке жетеді.

**Әбу Насыр әл-Фараби** \*\*\*

Шешен адамзат пен ғаламзат дүниесінің белгісіз сырларын қырағы байқап, тереңнен толғап, саңқылдаған, сұлу, мәнерлі дауысымен, парасатты толғамдарымен, түйдек-түйдек ойларымен, бет-жүзінің, сөз ырғағының еркіне бағынған қимыл-қозғалыстарымен, біліктілік-білімімен, көшелі, көреген қасиеттерімен толқынды топты өзіне қаратып, құлақ құрышын қандырады, жаныңды, рухыңды дүр сілкіндіріп тазартады.

**Серік Негимов** \*\*\*

Шешендіктің өзі – ойшылдықпен, даналықпен, көшелілікпен, үнді, сазды сөйлеумен сабақтас, тамырлас құбылыс.

**Серік Негимов** \*\*\*

Шешен сөзді тыңдай білгенде, түсінгенде ғана шешен.

**«Қабыснама» еңбегінен** \*\*\*

Шешеннің қуаты тыңдаушыларының көңілін бүтіндей аударып, бағындыра білуінде.

**Марк Тулий Цицерон** \*\*\*

Кімде-кім өз сөзімен тыңдаушыларына әрі білім берсе, әрі көңіл ажарын таба білсе, нәтижеде оларға күшті әсер ете алса, ең жақсы шешен сол. Білім беру – шешеннің міндеті, көңілін көтеру – тыңдаушыларға көрсеткен құрмет, күшті әсер ету – қажеттілік.

**Марк Тулий Цицерон** \*\*\*

Шешен кісі сөз бастар, Адал кісі ел бастар.

**Жамбыл Жабаев** (1846-1945 ж.ж.), қазақ халық поэзиясының дүлдүлі, жырау \*\*\*

Сөйлемесе – кесек, сөйлесе – есек.

**Араб халқы мақалы** \*\*\*

Зиялы адамның татымсыз, нашар сөйлегені – сауатсыз адамның оқи, жаза алмағанымен бірдей.

**Антон Чехов** (1860-1904 ж.ж.), орыс жазушысы, драматург \*\*\*

Тексіздік – тілсіздіктен.

**Халық даналығы**



# «STUD FEST»

## фестивалі басталды

15 ақпан күні ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы аясында педагогика факультетінің студенттеріне арналған «STUD FEST» жобасының ашылу кеші өткізілген болатын. Жобаның басты мақсаты - университет қабырғасында білім алып жүрген студент жастарды біріктіріп, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы аясында басты идеяларын жүзеге асыруға, жаңа қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық толеранттылық пен рухани келісімге тәрбиелеу, талантты жастардың мәдени, рухани дамуына, білім мен тәрбиесінің жетілуіне, шығармашылық өсуіне жағдай жасау; білімгерлердің шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беру арқылы оларды тек сапалы маман ғана емес, жан-жақты, ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыру.

Шараның ашылу салтанатына орай құттықтау сөз жастар ісі жөніндегі комитеттің жетекшісі Қонысбаев Абылай Оңғарұлына беріліп, ол студенттерге



табандылық, белсенділік, сәттілік тілеп, үздіктер жеңіске жетуін тіледі. Жобаға қатысушы топтар мен жобаның жоспары көрермендерге таныстырылып, шара студенттердің өн-билерімен жалғасты. Шарамыздың қонағы, студенттерге сәттілік тілеп, қолдау білдіру үшін арнайы келген университет түлегі Шакиров Армат, «вокалдық өнер» мамандығының 1-курс студенттері Сақиев Исламбек,

Бейбітәлі Бекарыс «Мен қазақпын» әнімен және «хореография» мамандығының 1-курс студенттерінен құралған би тобы өнер көрсетті. Кеш барысында «Doslike», «RHYTHM», «Veri qaga», «Q-elі», «Қырандар», «Біз біргеміз» топтарды таныстыру, тақырыптық Тик-ток бейнебаян, жобаның өткен алғашқы кезеңі «ИнстаLike» байқауының нәтижелері жарияланды.

Студенттік көктем

## Кешіккен қоңырау

Балалық шақтан, яғни мектеп табалдырығынан тарыдай бопаттағаннан, таудай болып шыққанға дейін 1 қыркүйек мектеп оқушылары, студенттер үшін ерекше бір күн болып саналады. Бұл күні жүздері бал-бұл жайнаған бүлдіршіндер, студенттер қолдарына бір шоқ гүлдерін ұстап, мектептерге, ЖОО-на ағылып келіп жатады. Әдемі әсем ән мен күмбірлеген қоңырау үні жүректеріне қуаныш пен сенім ұялатады.

Мен М.Өтемісов атындағы БҚУ-ға халықаралық қатынастар мамандығы бойынша құжаттарымды тапсырып қойған едім. Құжатымды қабылдап отырған қыз бала: «оқу онлайн жүйе бойынша өтеді. Дегенмен, анық-қанығын білу үшін хабарласып тұрыңыз», - деді. Көңілімде күдік пен үміт арпалысып жатты. «Қой, бәлкім, мына індет басылып, 1 қыркүйекте алғашқы қоңырауға келерміз... Университеттің табалдырығын аттап, жан-жақтан келген бір топқа шоғырланған топтастарыммен танысармын. Олар қандай екен? Ал, оқытушыларым ше?» Сансыз сұрақтар мен жауабы табылмаған сауалдар санамды жаулап алғандай...

1 қыркүйек. Әдеттегідей университетке келудің орнына мерекелік іс-шара онлайн форматта өтті. Қызық екен. Қол соғып қолпаштап, топтастарыммен мәре-сәре болып танысып, ұстаздарды көріп, қуанышқа толған сезімдерімізді білдіре алмайтын заманауи гаджеттерге, телефондарға үңілумен болдық. «Мен студент болдым, мен университет табалдырығын аттадым, топтастарыммен, ұстаздарыммен таныстым, қандай керемет!» деп айқайлағым-ақ келеді, өттең бірақ бұлардың бірі де болған жоқ, түншыққан сезімнің шырмауында қалғандаймын... Осы ойымды анамның

«Қызым, оқу жылы 1 қыркүйек құтты болсын! Алда әлі талай 1 қыркүйекті тойлайсыңдар, ең бастысы - аман болайық» деген сөзі жүрегіме сенім мен үміт ұялатты.

19 қаңтар күні мен студент атанғалы алғаш рет университетке келдім. Жүрегім қуаныштан жиі соғып, дүрсілдеп тұр. Қобалжығандықтан ба, университетке ерең жеткендеймін. Сырт киімдерімді шешіп, өзімнің тобыма жақындадым, біртіндеп топтастарыммен таныса бастадым. Аты-жөнімізді, қай қаладан немесе қай жақтан келгенімізді атап, мәресіре болдық, сосын аудиторияға кіріп, ұстаздарымызбен таныстық. Керемет сезім... Таныстықтан ерекше әсерлендім. Топтастарыммен тез тіл табысып, араласып кеттім, олар да ақжарқын, емін-еркін, кез келген тақырыпта өзіндік пікірлері бар замандастарым болып шықты. Құдды бір бастаған әңгімеміз бітпейтіндей қызыққа толы болды. Ең бір қызығы - тобымда өңкей бұрымдылар. Ұстаздар да ұлағатты, тәжірибелері мол жандар екен. Әр ұстаздың өзіне тән сабақ беру үрдісімен қатар, мәнерлері де ерекше. Осындай жүрегімді жарып ұшқан қуаныш пен шаттыққа толы әсерде үйге оралдым. Сөйтіп, менің ЖОО-дағы алғашқы қоңырауым кешіккен қоңырау болып, өмір парақтарымда жазылары анық.

Қорыта келе айтарым, бұдан былай алғашқы қоңырауымыз кешікпей, күмбірлеген үнімен барша оқушылар мен студенттерді білім ордасына шақырып, өз уақытында соғылса екен! Еліміз мына індеттен тезірек арылып, қайтадан бұрынғы тұрмыс-тіршілікке оралса екен!...

**Аружан РАХМАНШИЕВА,**  
МО-11 тобының студенті

## Үлкен өмірге бір қадам

Әрбір мектеп түлектері өзінің білім ордасынан 11-сыныпты аяқтап, қалаған негізгі пәндерін таңдап, Ұлттық Бірыңғай Тестілеуден өтіп, білім деңгейіне қарай әр түрлі балды еншілейді. Осы сынақтардан өте келе әрбірінің арманы - жоғары оқу орнына түсіп, білім алу. Негізгі мақсаттары - жаңа өмірге аяқ басып, өздерінің қалаған мамандығында елге адал қызмет ету.

Барлығын «Кім боламын?» деген сұрақ мазалайды. Әр адам бала кезінен түрлі нәрсені армандайды. Өзінен үлкен аға буындарға карап еліктеп өседі, кейін өзіне қатты ұнайтын, қолынан келетін бір ісі пайда болады. Сол іс ыстық көрінеді. Содан бастап адам өзіне не керегін сезініп, нақты шешімдер қабылдай бастайды, «осы салада қызмет етсем» деген ой келеді. Сол мамандықты иелену үшін тырысып, талпынады.

Осы оқу жылында көптеген түлектер Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттері атанды. 2020 жылдың 1 қыркүйегінде студенттер білім алу үшін оқу орнына келе алмады. Еліміздегі «COVID-19» вирусының таралуына байланысты біз карантин режимінде үйімізде онлайн форматтағы оқуға көштік. Алғашқы мерекелік шарамызды «ZOOM» қосымшасы арқылы тамашалап, ұс таздарымызбен, группаластармызбен таныстық. I семестрде осылай ZOOM платформасы арқылы тапсырмаларымызды (дәрістерді, семинар сабақтарды, СӨЖ-ді) орындап, уақытылы жүктеп, оқуды жалғастырдық. Менің оқытушы ұстаздарға алғысым



шексіз. Карантинге қарамастан онлайн сабақ түсіндіріп, бізге жеткізе білді.

Ал II семестрде оқуды ерекше көңіл-күймен бастадық. Университетке шақырылып, офлайн форматтағы оқуға көштік. Группаластарымызбен, білім беруші ұстаздарымызбен таныстық. Барлығымыз осылай офлайн оқығанымызға қуандық. Үлкен өмірге аяқ бастық. Студенттік қызықты шақтарымыз басталды. Сабақтарымыз да ерекше өтуде, барлығымыз ерекше әсермен оқуға құштарлана кірістік. Біз болашақта білікті маман иесі боламыз деген сенімдеміз.

**Гүлжауар УТЕПБЕРГЕНОВА,**  
ИС-11 тобының студенті

Құттықтаймыз!



Мәдениет және өнер саласында 40 жылдай жұмыс істеген, «Мәдениет және өнер» институтының (1991-2000жж) негізін қалаушылардың бірі, М. Өтемісов атындағы университеттің ұстазы, аталған университетте 30 жыл еңбек еткен ардақты азамат, әке, ата **НҰРМУҚАНОВ ҚАЙЫРЖАН ҒАЙСАҒАЛИҰЛЫН** асқаралы 60 жасымен құттықтаймыз! Қайыржан аға, деніңізге саулық, жанұяңызға бақыт, әлі де талай жылдар бірге жұмыс істеуге Аллаһ қуат берсін деп тілек жолдаймыз.

Ғылыми кітапхана ұжымы

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР Өңделеді. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

### МЕНШІК ИЕСІ:

**Махамбет Өтемісов атындағы**

**Батыс Қазақстан**

**университеті.**

**Газет айына бір рет шығады.**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 178

**РЕДАКТОР:** Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

**ТІЛШІЛЕР:** Аида ОРАЗ, Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Шұғыла Еңсеп

**БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:** Асель АБДУЛЛИНА

### ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

**«Көкше-Полиграфия»**

**АҚ баспаханасында басылды.**

**Мекен жайы:** Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ауельбеков көшесі, 98.  
Тел.: 8-716-2-25-14-90